

Білім алушыға арналған нұсқаулық «БҚКО» модулі

Астана – 2025

Мазмұны

1. Модульдің арналымы	3
2. «БҚКО» модулі	3
2.1 Жеке кабинет.....	4
2.1.1 Өтінімдер	4
2.1.1.1 Тапсырыс беруші бойынша мәліметтер.....	6
2.1.1.2 Өтінім бойынша мәліметтер	6
2.1.1.3 Білім алушы ұсынатын құжаттар.....	9
2.1.1.4 Келісу парағы	10
2.1.1.5 Берілетін құжат.....	10
2.1.1.6 Өтінімнің тарихы.....	11
2.1.1.7 Өтінімді басқару	11
2.2 Ақпараттық қолдау	14
2.2.1 Қызметтер	15

1. Модульдің арналымы


«Білім алушыларға қызмет көрсету орталығы» модулі (бұдан әрі – БҚКО) білім алушылардың білім беру мекемесімен ыңғайлы және жедел өзара әрекеттесуге арналған. Модуль өтінімдердің статусын қадағалауға мүмкіндік бере отырып, онлайн режимде өтінім беруге мүмкіндік береді.

Өтінім – білім алушылар нақты қызметті, құжатты, ресурстарға қолжетімділікті алу немесе белгілі бір әрекетті орындау мақсатында беретін сұраным.


Модульдің негізгі мақсаты – мекемемен өзара әрекеттесу үдерісін оңайлату, күту уақытын қысқарту және білім алушыларға қолжетімді сервистерді ыңғайлы пайдалануды қамтамасыз ету.

2. «БҚКО» модулі

«БҚКО» модулімен жұмыс істеу үшін Platonus АЖ-да авторизациялану және бүйірлік мәзірдегі «Өтініш» бөліміне немесе «Сайт картасы» батырмасына басу қажет (1-2 суреттер).



1-сурет



2-сурет

Білім алушылар үшін БҚКО модулінде мынадай екі ішкі модуль қолжетімді: «Жеке кабинет» және «Ақпараттық қолдау».

БҚКО-ға өтінім беру, олардың статустарын қадағалау үшін «Жеке кабинет» ішкі модуліне басу қажет.

«Ақпараттық қолдау» ішкі модулі ұсынылатын қызметтердің тізбесімен, олардың ерекшеліктерімен танысу үшін, сондай-ақ ЖЖОКБҰ ұсынатын жалпы ақпаратты қарау үшін қажет.

2.1 Жеке кабинет

«Жеке кабинет» ішкі модуліне басқанда өтінім берушінің жеке кабинетінің «Өтінімдер» кірістірмесі бар парағы ашылады (3-сурет).


2.1.1 Өтінімдер

«Өтінімдер» кірістірмесінде жүйе білім алушыға өзі құрған өтінімдерді табуға, олардың статусын қарауға, сондай-ақ білім алушыларға қызмет көрсету орталығынан қызмет алуға жаңа өтінімдер құруға мүмкіндік береді.

Құрылған өтінімдерді іздеу үшін өтінімдерді қабылдай алатын статустардың тізімін қамтитын «Өтініштің статусы» сүзгісіне басу және іздеген өтінімнің статусын таңдау қажет:


- Сақталды – өтінім толық немесе ішінара қалыптастырылды, бірақ әлі БҚКО-ға берілмеді;
- Берілді – өтінім қалыптастырылды және БҚКО-ға жіберілді;
- Жұмыс барысында – өтінім өңдеуге қабылданды;
- Орындалды – өтінім өңделді;
- Берілген – қызмет көрсету нәтижесі ретінде құжатты беру болып табылғанда, сәйкесінше, құжат берілген кезде;
- Болдырылмады – БҚКО қызметкері бас тарту себебін көрсете отырып, қызмет көрсетуден бас тартты;
- Өтінім берушінің өтініші бойынша болдырылмады – берілген өтінімнің өздігінен болдырылмауына байланысты қызмет көрсету тоқтатылды.

Өтінім беру үшін «Санаттар» және «Қызметтер» көп таңдаулы сүзгілерінде тиісінше мәндерді таңдау және «Өтінім беру» батырмасына басу қажет.



3-сурет

«Өтінім беру» батырмасына басқаннан кейін жүйе өтінімге бірегей нөмір берілген, сондай-ақ тиісінше деректер бейнеленген, өтінім картасы бар жаңа парақты ашады. Парақ мынадай төрт кірістірмеден тұратын болады: «Тапсырыс беруші бойынша мәліметтер», «Тапсырыс бойынша мәліметтер», «Берілетін құжат», «Тапсырыс тарихы». Егер өтінім бойынша келісу және білім алушыларға құжаттарды беру қарастырылса, парақ мынадай қосымша кірістірмелерді қамтитын болады: «Білім алушы ұсынатын құжаттар», «Келісу парағы» (4-сурет).



4-сурет

2.1.1.1 Тапсырыс беруші бойынша мәліметтер

«Өтінім беруші бойынша мәліметтер» кірістірмесінде білім алушының жеке картасынан оның дербес деректеріне қатысты ақпарат «Жеке деректер» және «Жеке басын куәландыратын құжат» блоктарында бейнеленеді (5-сурет). Аталмыш кірістірмеде мобильді телефон нөмірін және электрондық пошта мекенжайын көрсету қажет, содан кейін «Өтінім бойынша мәліметтер» екінші кірістірмесін толтыруға көшу қажет.

«Ұялы телефон*», «E-mail*» өрістерінен басқа барлық өрістердегі мәндер редакторлеу үшін қолжетімсіз. «Ұялы телефон*» / «E-mail*» өрісіне жүйеде сақталатын деректерден өзгешеленетін мәндерді енгізу кезінде жүйе автоматты түрде жүйеде сақталатын нөмірді/пошталық мекенжайды бейнелейді (5-сурет).

Жеке деректер

ЖСН: 020716651189

Туылған күні: 16-07-2002

Азаматтық: ҚАЗАҚСТАН

Тіркелген адрес: Аксай к Бекзат Саттарканов 37

Ұялы телефон: +7(707)699-35-87

Жеке картонкаға келесі мәндер енгізілген: +7(777)777-77-77

E-MAIL: aitmagambetovafatim@gmail.com

Жеке картонкаға келесі мәндер енгізілген: mail105881@ss.ss

Жеке басын куәландыратын құжат

Жеке басын куәландыратын құжат: жеке куәлік

Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі: 044625440

Серия документа, удостоверяющего личность:

Құжатты берген уәкілетті орган:

Құжаттың берілген күні: 18-07-2018

Құжаттың жарамдылық мерзімі:

Активация Windows

Чтобы активировать Windows, перейдите в раздел "Параметры".

5-сурет

2.1.1.2 Өтінім бойынша мәліметтер

«Өтінім бойынша мәліметтер» кірістірмесі өтінім бойынша негізгі мәліметтерді қамтиды:

- Таңдалған қызметтің нәтижесі дайын құжатты алу болған жағдайда, «Берілетін құжат тілі» көп таңдаулы өрісі;
- Қызмет үшін орындау мерзімі орнатылған жағдайда, өтінімді орындау мерзімі {күндер саны} «күн» {сағаттар саны} «сағат» {минуттар саны} «минут»;
- Қызмет бойынша өтінімді жеделдетілген мерзімдер бойынша орындау қарастырылған жағдайда, «Өтінімді жеделдетілген мерзімдер бойынша орындау» жалаушалы өрісі;
- Таңдалған қызмет ақылы болып табылған жағдайда, «Қызметтің құны, теңге» өрісіндегі төленуі тиісті сома;

Ескертпе: Егер таңдалған қызмет ақылы болып табылса, сондай-ақ білім алушы өтінімді жеделдетіп орындауды таңдаса, онда баға сәйкесінше өтінімді жеделдетіп орындау үшін қарастырылғандай, жоғары болады.

Өтінім бойынша өтініш беру қарастырылған жағдайда, «Стандартты үлгідегі өтінішті өзгеріссіз беру» және «Өзінің өтінішін жүктеу» радиобатырмалары. Егер «Стандартты үлгідегі өтінішті өзгеріссіз беру» нұсқасы таңдалса, аталмыш өтінімді беру кезінде жүйеге алдын-ала жүктелген шаблон пайдаланылады және белгі қою үшін міндетті болатын «Өтініштің мәтінімен таныстым және толық келісемін» жалаушалы өрісі бейнеленеді. Шаблонмен танысу үшін «Өтініштің үлгісін жүктеу » батырмасына басу арқылы оны жүктеп алу қажет (6-сурет). Егер «Өзінің өтінішін жүктеу» нұсқасы таңдалса, «Өтініштің үлгісін жүктеу» батырмасының орнына «Жүктеу» батырмасы бейнеленеді, оған басқанда өз өтініш шаблонын жүктеуге болады (7-сурет);

Ескертпе: егер ЖЖОКБҰ әкімшілігімен өтінім беру кезінде оған қол қоюды қарастырылса, «Өтініштің мәтінімен таныстым және толық келісемін» жалаушалы өрісін белгілегеннен кейін «ЭЦҚ-мен қол қою*» батырмасы бейнеленеді. Өтінімге қол қою үшін батырмаға басу, кілт файлын таңдап, құпиясөзді енгізу және «Қол қою» батырмасына басу арқылы қол қоюды растау қажет.

- «Өтініш беру себебі» енгізу өрісі, еркін нысанда өтінім беру себебін көрсету қажет.

6-сурет

7-сурет

Егер тандалған қызмет үшін дайын құжатты басқа тұлғаның алу мүмкіндігі қарастырылса, онда жүйе «Дайын құжатты басқа тұлғаның алуына рұқсат ету» жалаушалы өрісін бейнелейді. Осындай қажеттілік кезінде аталмыш өрісте жалаушаны орнату қажет, содан кейін жүйе толтыру үшін қосымша өрістерді бейнелейді (8-сурет).

8-сурет

ЖЖОКБҰ-ның ішкі ережелеріне байланысты «Дайын құжатты басқа тұлғаның алуына рұқсат ету» өрісінде таңдау үшін тек «Нотариалдық сенімхат» мәні ғана, тек «Төлқұжаттық

деректерді көрсету жеткілікті» мәні ғана не болмаса өтінім берушінің таңдауына қарай екі мән де қолжетімді болады.

Сосын сенім білдірілген тұлға туралы келесі деректер блогын толтыру қажет:

- Тегі*
- Аты*
- Әкесінің аты
- Туған күні*
- ЖСН*
- Тұрғылықты мекенжай
- Жеке басын куәландыратын құжат: анықтамалықтан таңдау*
- Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі*
- Жеке басын куәландыратын құжаттың сериясы
- Жеке басын куәландыратын құжаттың күні*
- Жеке басын куәландыратын құжатты берген орган *

(*) белгіленген барлық өрістер толтыру үшін міндетті болып табылады.

«Дайын құжатты басқа тұлғаның алуына рұқсат ету» өрісінен жалаушаны алып тастау жағдайында, дайын құжатты алуға рұқсат етілген тұлға туралы деректері бар бөлім жасырылады.

2.1.1.3 Білім алушы ұсынатын құжаттар

Қызметтің түріне және санатына байланысты, қызметке өтінім беру кезінде құжатты ұсыну талап етілуі мүмкін. Егер қызмет ақылы болып табылса, қызметті сәтті төлеу туралы құжатты қоса бекіту талап етілуі мүмкін.

Құжатты жүктеу үшін тиісінше құжаттың өрісінде «Жүктеу» батырмасын басу және құрылғыдан қажетті файлды таңдау қажет (9-сурет).

Басты бет Жеке кабинетке өту > Өтінім №368713. test

Өтінішті БАҚКО қызметкерлерінің жұмысына қабылдау үшін «Өтінішті жіберу» батырмасын басу керек.
Қызыл жұлдызшамен белгіленген өрістер толтыру үшін міндетті болып табылады

Өтініш мәртебесі: Сақталды
Test105881 Student105881

Сақтау Тапсырыс беру

Тапсырыс беруші бойынша мәліметтер Тапсырыс бойынша мәліметтер Білім алушы ұсынатын құжаттар Тапсырыс тарихы


ҚҰЖАТТЫҢ АТАУЫ	МІНДЕТТІ ҚҰЖАТ	ҚҰЖАТТЫҢ КӨШІРМЕСІ	ҚҰЖАТТЫҢ ТӨЛНУСҚАСЫ	ҰСЫНЫЛАДЫ	СКАН-КӨШІРМЕ
				ТУПНУСҚАМЕН РАСТАЛҒАН КӨШІРМЕ	
Төлөм құжаты	☒	☒	☐	☐	☒ Жүктеу
Ұсынымдот	☒	☒	☐	☐	☒ Жүктеу

9-сурет

2.1.1.4 Келісу парағы

Егер өтінім бойынша келісу қарастырылса және оны ЖЖОКБҰ қызметкері қабылдаған болса, онда өтінімде «Келісу парағы» кірістірмесі бейнеленеді.


Аталмыш кірістірме өтінім бойынша келісу статусын қадағалауға арналған, онда келісу үшін жауапты тұлғаның аты-жөнін, келісу типін және өтінім бойынша басқа да ақпаратты қарауға болады (10-сурет).



10-сурет


2.1.1.5 Берілетін құжат

Егер қызмет көрсету ЖЖОКБҰ әкімшілігінің дайын құжатты беруін көздесе, өтінімге «Орындалды» статусы берілгеннен кейін, құжат жүктеп алу үшін «Берілетін құжат» кірістірмесінде қолжетімді болады (11-сурет).



11-сурет

Егер дайын құжатты жүктеп алу үшін ЭЦҚ-мен қол қою қарастырылса, «Берілетін құжат» өрісінде «ЭЦҚ-мен қол қою» батырмасы бейнеленеді (12-сурет).



12-сурет

Құжатты жүктеп алғаннан кейін өтінімнің статусы «Берілді» деп өзгереді.

2.1.1.6 Өтінімнің тарихы

«Тапсырыс тарихы» кірістірмесінде өтінімнің статустары мен орындалу кезеңдері туралы бүкіл ақпарат бейнеленеді: өтінімге статусты беру күні және уақыты, өтінімнің статусы, орындаушы (ЖЖОКБҰ қызметкері/білім алушы), бөлімше (қызметкердің Департаментінің/Құрылымдық бөлімшесінің атауы), ескертулер (13-сурет). Жазбалар кему ретімен күні мен уақыты бойынша тәртіптелген, яғни соңғы жазба кестенің жоғарғы жолында бейнеленеді.

Басты бет Жеке кабинетке өту > Өтінім №217639. Анықтама жұмыс орнына ұсыну үшін арналған анықтама

Өтініш мәртебесі: Берілді
Айтмағамбетова Фатима Сериковна

Тапсырыс беруші бойынша мәліметтер Тапсырыс бойынша мәліметтер Білім алушы ұсынатын құжаттар Берілетін құжат **Тапсырыс тарихы**

КҮНІ МЕН УАҚЫТЫ	СТАТУС	ОРЫНДАУШЫ	БӨЛІМШЕ	ЕСКЕРТУЛЕР
28-09-2022 09:13	Берілді	Айтмағамбетова Фатима Сериковна	Обучающийся	Документ получен онлайн
27-09-2022 21:25	Ақталды	System System	Обучающийся	Кыдырбаева Айман Турсуналиевна
27-09-2022 21:25	Ұсынылды	Айтмағамбетова Фатима Сериковна	Обучающийся	
27-09-2022 21:20	Сақталды	Айтмағамбетова Фатима Сериковна	Обучающийся	

13-сурет

Егер қызмет үшін келісуден өту қарастырылса, онда тарихта қосымша түрде өтінім бойынша келісу статусы көрсетіле отырып, «Келісілді» бағаны бейнеленеді.

2.1.1.7 Өтінімді басқару

Өтінімді сақтау

Егер өтінім беруді кейінге қалдыру, бірақ толтырылған деректерді сақтау талап етілсе, «Сақтау» батырмасына басу қажет (14-сурет), содан кейін «Өтінім туралы ақпарат сақталды» хабарламасы бейнеленеді. Өтінімге «Сақталды» статусы беріледі және ол Жеке кабинеттегі өтінімдердің тізімінде бейнеленеді (3-сурет).

Өтінім беру

Өтінім толтырылғаннан кейін «Өтінім беру» аттас батырмасы арқылы БҚКО-ға өтінім беру қолжетімді болады (14-сурет). Батырмаға басу кезінде, егер барлық міндетті өрістер толтырылған болса, ««{Қызметтің аты}» қызметі бойынша өтінім берілді» хабарламасы бейнеленеді (15-сурет).

Басты бет Жеке кабинетке өту > Өтінім №368688. Мұрағат анықтамасы

Өтінішті БАҚКО қызметкерлерінің жұмысына қабылдау үшін «Өтінішті жіберу» батырмасын басу керек.
Қызыл жұлдызшамен белгіленген өрістер толтыру үшін міндетті болып табылады

Өтініш мәртебесі: Сақталды
Test105881 Student105881

Сақтау Тапсырыс беру

Тапсырыс беруші бойынша мәліметтер Тапсырыс бойынша мәліметтер Тапсырыс тарихы

Жеке деректер

ЖСН 020716005881

ТУЙЛҒАН КҮНІ 16-07-2002

АЗАМАТТЫҚ ҚАЗАҚСТАН

ТІРКЕЛГЕН АДРЕСІ

ҮЙЛІ ТЕЛЕФОН +7(777)777-77-77

E-MAIL mail105881@ss.ss

Жеке басын куәландыратын құжат

ЖЕКЕ БАСЫН КУӘЛАНДЫРАТЫН ҚҰЖАТ

ЖЕКЕ БАСЫН КУӘЛАНДЫРАТЫН ҚҰЖАТТЫҢ НӨМІРІ

Активация Windows
Чтобы активировать Windows, перейдите в раздел "Параметры".

14-сурет

Өтініш мәртебесі: Ұсынылды
Test105881 Student105881

Өтінішті болдырмау

«Мұрағат анықтамасы» қызметі бойынша өтінім ұсынылды.

Тапсырыс беруші бойынша мәліметтер Тапсырыс бойынша мәліметтер Тапсырыс тарихы

БЕРІЛГЕН ҚҰЖАТ ТҮЛІ

Қазақ

БЕРІЛГЕН ҚҰЖАТ

Қазақ

Активация Windows
Чтобы активировать Windows, перейдите в раздел "Параметры".

15-сурет


Сәтті берілген өтінім Жеке кабинеттегі өтінімдердің тізімінде, тиісінше «Берілді» статусында бейнеленеді (3-сурет).

Өтінішті болдырмау


Өтінімге «Берілген» немесе «Орындалды» статусы берілгенге дейін өтінімді болдырмауға болады.

Өтінімді болдырмау қажет болған кезде, «Өтінішті болдырмау» батырмасына басу қажет (16-сурет), содан кейін өтінім қайта беру мүмкіндігінсіз болдырылмайтын болады және өтінімнің статусына байланысты, жүйе «Сіздің өтінішіңіз орындалмады» хабарламасын бейнелей отырып, өтінімді бірден болдырмайды (17-сурет) немесе «Өтінімді болдырмау» қалқымалы терезесінде болдырмау себебін енгізгеннен кейін оны болдырмайды.


Өтінімнің статусы «Өтініш берушінің өтініші бойынша болдырылмады» деп өзгереді (18-сурет).

The screenshot shows the 'Platonus' website interface. At the top, there is a navigation bar with the 'Platonus' logo and a user profile icon. Below the navigation bar, the breadcrumb trail reads: 'Басты бет > Жеке кабинетке ету > Өтінім №368688. Мұрағат анықтамасы'. The main content area is titled 'Өтініш мәртебесі: Ұсынылды' and 'Test105881 Student105881'. A red button labeled 'Өтінішті болдырмау' is visible. Below this, there are three tabs: 'Тапсырыс беруші бойынша мәліметтер', 'Тапсырыс бойынша мәліметтер', and 'Тапсырыс тарихы'. The 'Тапсырыс беруші бойынша мәліметтер' tab is active. It contains a section titled 'БЕРІЛГЕН ҚҰЖАТ ТІЛІ' with a dropdown menu showing 'Қазақ'. Below this, there are two checkboxes: 'Стандартты үлгі бойынша өзгерістерсіз өтініш беру' (checked) and 'Өтініштің үлгісін жүктеу' (unchecked). There is also a button 'Өтініштің үлгісін жүктеу'. Below the checkboxes, there is a section titled 'Тапсырыс беру себебі:' with a dropdown menu showing 'Қазақ' and a text area for the reason. The bottom right corner of the page has a Windows activation watermark: 'Активация Windows. Чтобы активировать Windows, перейдите в раздел "Параметры".'

16-сурет



17-сурет




18-сурет

Барлық болдырылмаған өтінімдер Жеке кабинеттегі өтінімдердің тізімінде, тиісінше «Өтінім берушінің өтініші бойынша болдырылмады» статусында бейнеленеді (3-сурет).

2.2 Ақпараттық қолдау

«Ақпараттық қолдау» ішкі модуліне басқанда (1-2 суреттер) «БҚКО. Ақпараттық қолдау» парағы ашылады, онда бір негізгі тармақ – «Қызметтер» тармағы, сондай-ақ ақпарат ұсыну үшін БҚКО қызметкерлері қосқан басқа да тармақтар қамтылады.

Аталмыш тармақ шерту кезінде жекелеген парақтарға өтеді, мұнда толығырақ ақпарат алуға немесе қажетті әрекеттерді орындауға болады, ал қалғандары мәтін мен материалдарды тікелей ағымдық парақта ашады, басқа параққа өтпей мазмұнын ашып көрсетеді.




19-сурет

2.2.1 Қызметтер

«Қызметтер» бөлімі алу үшін қолжетімді барлық қызметтерді қарауға, сондай-ақ оларды алу үшін өтінімдерді беруге арналған.

«Қызметтер» бөліміне басқанда «БҚКО. Қызметтер» парағы ашылады (20-сурет). Парақта қызметтерді іздеу сүзгілері және сүзгілердегі таңдалған мәндерге байланысты қызметтердің тізімін шығаруға арналған өріс қамтылады. Әдеттегідей қалпы бойынша алу үшін қолжетімді барлық қызметтердің тізімі бейнеленеді.



20-сурет

Қызметті алуға өтінім беру үшін тізімнен қызмет нөмірінің сол жағындағы батырмаға басу арқылы қызметті таңдау және «Тапсырыс беру» батырмасын басу қажет (21-сурет).

«Тапсырыс беру» батырмасына басу «Өтінім №» парағына ауыстырады (4-сурет). Өтінім беру жөніндегі нұсқаулық [2.1.1 Өтінімдер](#) бөлімінде сипатталған.

